

**«Университеттің ұлттық және әлемдік рейтингтерге қатысуы туралы»
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫСЫ**

Талдықорған қ.

«26» қазан 2023 ж.

Университеттің 2023 жылы рейтинг критерийлеріне сәйкес ұлттық және әлемдік рейтингтерге қатысу нәтижелері туралы ақпаратты тыңдап, талқылағаннан кейін Ғылыми кеңес анықтады:

- 2022 жылы университет дамушы Еуропа мен Орталық Азияның QS World University Rankings: Emerging Europe and Central Asia аймақтық рейтингісінің үздік 251-260 жоғары оқу орындарының қатарына кірді. Аталған рейтингке ТМД, Украина, Балтық теңізі елдері, Польша, Чехия, Словакия, Түркия және т.б. елдердің жоғары оқу орындары қатысқан.

- 2023 жылы университет QS Asia University Rankings рейтингіне қатысты. Аталған рейтинг нәтижелері бойынша Жетісу университеті Азиядағы үздік 501-550 университеттің және ТМД-дағы үздік 25 университеттің қатарына енді.

- «Атамекен» ҰҚП жүргізген білім беру бағдарламаларының рейтингісі бойынша бакалавриаттың 13 білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары арасындағы үздік 10 білім беру бағдарламасы қатарына енді.

Университеттің 2023 жылы ұлттық және әлемдік рейтингтерге қатысу нәтижелері бойынша ақпаратты талқылай келе, **Ғылыми кеңес қаулы етеді:**

1) Scopus, WoS базаларына кіретін рецензияланатын журналдарда ғылыми мақалалардың жариялануын ұлғайту; Қазақстандық және шетелдік ұйымдарда ғылыми тағылымдамадан өту; ғылыми және білім беру жобаларын орындауға қатысу арқылы профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушылардың жарияланымдарының сандық және сапалық деңгейі арттырылсын (жауапты – жоғары мектеп декандары, ғылым және ғылыми жобаларды коммерцияландыру бөлімінің басшысы, мерзімі – 01.05.2024 ж.).

2) Еуропа мен Азияның жоғары оқу орындары мен ғылыми орталықтарымен бірлескен білім беру бағдарламаларын, ғылыми жобаларды іске асыру үшін халықаралық байланыстар кеңейтілсін (жауапты – жоғары мектеп декандары, халықаралық ынтымақтастық және стратегиялық даму орталығының директоры, мерзімі – 01.05.2024 ж.).

3) UI Green Metrics World University Ranking жаһандық экологиялық рейтингке қатысу үшін университеттің экожүйесін дамыту жөніндегі іс-шаралар іске асырылсын (жауапты – халықаралық ынтымақтастық және стратегиялық даму орталығының директоры, пайдалану жұмыстары департаментінің директоры, жоғары мектеп декандары, мерзімі – оқу жылы бойы).

4) Университет сайтының тұрақты жаңартылуын және ақпаратпен толықтырылуы қамтамасыз етілсін (жауапты – имидждік саясат орталығының директоры, мерзімі – оқу жылы бойы).

Қаулының орындалуын бақылауды өзіне жүктеймін.

Ғылыми кеңес төрағасы

Қ.М. Баймырзаев

